



Амерханова Күләш Мағмұрқызы

1952 жылдың 15 тамызында Павлодар облысы, Лебяжі ауданы, Шарбақты ауылында дүниеге келді. Балалық шағы туған өңірінің қоңыр тіршілігімен, еңбек пен ізгілікті қадірлеуге баулыған ортада өтті.

1961 жылы Шарбақты орта мектебінің табалдырығын аттап, білім жолындағы алғашқы қадамын жасады. Оқуға ынталы, жауапкершілігі жоғары шәкірт 1970 жылы 8-сыныпты тәмамдап, сол жылы Павлодар қаласындағы Бейсен Ахметов атындағы педагогикалық училищеге оқуға түсті. Бұл оқу орнында бастауыш сынып мұғалімі мамандығын меңгеріп, 1974 жылы дипломын қолына алды.

1974 жылдың 1 қыркүйегінен бастап туған ауылы — Шарбақты орта мектебінде ұстаздық жолын бастады. Ұстаздықты өмірлік мұрат еткен Күләш Мағмұрқызы осы білім ордасында 36 жыл бойы табанды еңбек етіп, талай жас жүрекке білімнің шырағын жақты. Оның тәлімі мен тәрбиесін алған шәкірттер бүгінгі күні елдің әр саласында абыроймен қызмет етіп жүр.

2010 жылдың тамыз айында зейнеткерлік демалысқа шыққанымен, ұстаздыққа деген құрметі мен шәкірттеріне деген мейірімі ешқашан кеміген емес. Жолдасымен бірге 3 қыз тәрбиелеп өсіріп, оларды өмір жолына қияға қондырды. Бүгінде әулеті ұрпақ сабақтастығымен толығып 9 жиеннің қызығына бөленіп отырған ардақты ана, аяулы әже. Күләш Мағмұрқызының ғұмыры — адал еңбекке, білімге қызмет етуге, ұрпақ тәрбиесіне арналған